

## Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 28 қазандағы N 421 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 25 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1765. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 40 (V064181) қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 40 қаулысымен.*

---

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату ережесі бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату ісін бақылау басқармасы (Бадырленова Ж.Р.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары осы қаулыны және Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату ережесін Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату ісін бақылау басқармасынан алған күннен бастап төрт күндік мерзімде банктердің сот шешімімен еріксіз таратылатын тарату комиссияларына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары К.А.Колпаковқа жүктелсін.

*Төрағасы*

Қазақстан Республикасының  
 Ұлттық Банкі Басқармасының  
 "Қазақстан Республикасында  
 банктерді еріксіз тарату  
 ережесін бекіту туралы"  
 2001 жылғы 28 қазандағы  
 N 421 қаулысымен  
 "БЕКІТІЛГЕН"

**Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату  
 ЕРЕЖЕСІ**

Осы Ереже банкті сот шешімі бойынша, оның ішінде банкроттық негізінде еріксіз түрде тарату тәртібін (бұдан әрі - еріксіз тарату), еріксіз таратылатын банктің тарату комиссиясы (бұдан әрі - тарату комиссиясы) қызметінің ерекшеліктерін, таратылатын банктің кредиторлар комитетінің қалыптасу және қызмет ерекшеліктерін, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) тарату комиссиясының қызметін бақылау жөніндегі өкілеттіктерін, тарату ісіне қатысушылардың салымдарға (депозиттерге) міндетті түрде ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жөніндегі ұйыммен (бұдан әрі - Кепілдік беру жөніндегі ұйым) өзара іс-әрекет ету мәселелерін белгілейді.

*Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

**1-тарау. Осы Ережеде қолданылатын жалпы ережелер және негізгі ұғымдар**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы", "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

*Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

2. Осы Ереже соттың шешімі бойынша еріксіз таратылатын екінші деңгейдегі банктерге қолданылады.

Мемлекетаралық банктерді тарату ерекшеліктері осы банктерді құру туралы

халықаралық шарттармен (келісімдермен) және олардың құрылтай құжаттарымен белгіленеді.

### 3 . С о т :

1) банктің банкрот болуына;  
2) уәкілетті органның банк заңнамасында көзделген негіздемелер бойынша банк операцияларын жүргізуге банктің лицензияларын қайтарып алуына; (*РҚАО-ның сілтемесі: XIV. бөлімді қараңыз .*)

3) уәкілетті мемлекеттік органдардың, заңды немесе жеке тұлғалардың заңнамалық кесімдерде көзделген басқа да негіздемелер бойынша банк қызметін тоқтату туралы өтінішіне (шағымына) байланысты банкті еріксіз таратады.

*Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

4. Осы Ережені пайдалану мақсатында мынадай ұғымдар қолданылады:

1) уақытша әкімшілік (уақытша әкімшілік басқарушысы) - банк мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету және банкті басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін банк операцияларын жүргізуге лицензияларды қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап және уәкілетті орган тарату комиссиясын тағайындағанға дейін кезеңге уәкілетті орган тағайындайтын орган (тұлға);

2) алынып тасталды ;

3) тарату комиссиясы - еріксіз тарату туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган тағайындайтын (босататын), тарату процесінде банктің істерін аяқтау және оның кредиторларымен есеп айырысуды қамтамасыз ету мақсатында банктің мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын о р г а н ;

4) банк кредиторы - таратылатын банкке оның азаматтық-құқықтық және басқа да міндеттемелерінен туындайтын мүлдік талаптары бар тұлға;

5) кредиторлар талаптарының тізілімі - уәкілетті орган бекіткен, кредиторлардың белгіленген мерзімде өтініш жасалған және тарату комиссиясы таныған талаптарын, сондай-ақ депозиттерге ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жөніндегі ұйымның еріксіз таратылатын банк ұсынған есепке сәйкес сома көлемінде өтеуді төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындау жөніндегі болашақ талаптарын көрсететін құжат;

6) тарату ісі - банк ісін аяқтау және оның кредиторларымен есеп айырысуды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын банктің заңды тұлға ретіндегі қызметін тоқтату рәсімі;

7) кредиторлар комитеті - кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және олардың қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында таратылатын банктің

кредиторларынан құрылатын орган;

8) тарату массасы - таратылатын банктің банк ісін аяқтауға және оның кредиторларымен есеп айырысуды қамтамасыз етуге арналған активтері;

9) қатысушы-банк - банкті еріксіз тарату туралы сот шешімінің заң күшіне ену сәтіне жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті түрде ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болған таратылатын банк.

*Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен, 2005 жылғы 26 наурыздағы N 100 қаулысымен.*

5. Банктің уақытша әкімшілігін (уақытша әкімшілік басқарушысын) тағайындау тәртібі, сондай-ақ уақытша әкімшіліктің (уақытша әкімшілік басқарушысының) өкілеттіктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес реттеледі. (*РҚАО-ның сілтемесі: қараңыз.*)

*Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен.*

6 - 1 3 . < \* >

*Ескерту: 6-13-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен.*

14. Банкті еріксіз таратқан жағдайда сот уәкілетті органға сот шешімінің көшірмесін жібереді.

*Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен.*

15. Банкті банкрот деп таныған жағдайда оны тарату осы Ережеге және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. (*РҚАО-ның сілтемесі: 9-бөлімді қараңыз.*)

16. Банк заңнамада белгіленген тәртіппен соттың шешімі бойынша ғана банкрот болып таныла алады. Дәрменсіз банкті оның кредиторлары және банктің өзінің шешімі бойынша соттан тыс тарату рәсіміне жол берілмейді.

17. Тараптардың банктің банкрот болуы туралы іс жөніндегі бітім келісін жасауға жол берілмейді.

## **2-тарау. Банкті еріксіз тарату тәртібі**

18. Банктегі тарату ісінің басы банкті еріксіз тарату туралы сот шешімінің заң күшіне енгізілген күні болып табылады.

19. Банкті еріксіз тарату туралы сот шешімінің заң күшіне енген күнінен бастап және банкті тарату ісі аяқталғанға дейін:

1) акционерлердің жалпы жиналысының, еріксіз таратылатын банктің басқа да органдары мен лауазымдық тұлғаларының, оның ішінде мүлікке ие болу және міндеттемелерді өтеу жөніндегі өкілеттіктері, сондай-ақ олардың банкті басқару жөніндегі құқықтары тоқтатылады;

2) таратылатын банктің атынан немесе соның есебінен жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің егер оларды банктің тарату комиссиясының төрағасы немесе төрағаның осы іс-әрекеттерді жасауға белгіленген тәртіппен сенімхат берген тұлғасы жасаған жағдайда, заң күші болады;

3) таратылатын банктің барлық борыштық міндеттемелерінің мерзімі біткен болады ;

4) таратылатын банктің кредиторлық берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын және сыйақыны (мүддені) есептеу тоқтатылады;

5) таратылатын банктің мүлкіне өндіріп алуға заңнамада белгіленген барлық шектеулер алынып тасталады ;

б) егер олар бойынша қабылданған шешімдер заң күшіне енгізілмесе, таратылатын банктің қатысуымен сотта қаралатын мүліктік сипаттағы даулар тоқтатылады ;

7) Кепілдік беру жөніндегі ұйымның қатысушы-банктің салымшыларына ( депозиторларына) өтеуі тиіс ақша сомасы мөлшеріндегі талаптарды қоспағанда банкке қатысты мүліктік сипаттағы барлық талаптар осы сәттен бастап банктің тарату комиссиясының атына ғана беріле алады және осы Ережеде және қолданылып жүрген заңнамада белгіленген тәртіппен қаралады;

8) соттардың таратылатын банкке қойылатын мүліктік талаптарға қатысты атқару құжаттары тарату комиссиясына Банктер туралы заңда белгіленген кезектілік тәртібімен орындау үшін беріледі.

20. Банкті еріксіз таратуға байланысты барлық шығыстар осы банктің қаражаты есебінен ғана жұмсалады.

Уәкілетті орган банктің уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімшілік басқарушысының) және тарату комиссиясының құрамына енгізілген қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жағдайларын қоспағанда уәкілетті орган банкті еріксіз тарату жөніндегі шығыстарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми баспасөз басылымында банкте мүлік болмаған не егер оның құны осы шығыстарды өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайларда банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот қабылдаған шешім туралы жариялау шығыстарын өтеу үшін қаржыландыруға тыйым салынады.

*Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004*

*жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен , 2005 жылғы 26 наурыздағы N 100 қаулысымен .*

21. Тарату ісіне байланысты, оның ішінде тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар, сондай-ақ таратылатын банктің негізгі міндеттерін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайтын шығыстар кезексіз және тұрақты түрде кредиторлар комитеті бекіткен смета шегінде таратылатын банктің қаражатынан жүзеге асырылады.

Кредиторлар комитеті құрылғанға дейін тарату шығыстарының, оның ішінде тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне төлемдер мөлшері кіретін сметасын тарату комиссиясының төрағасы уәкілетті органмен келісім бойынша бекітеді .

Тарату ісінің шығыстары туындауына қарай тарату массасынан төленеді.

Тарату массасын мақсатсыз жұмсауға , сондай-ақ тарату комиссияларының еңбегіне ақы төлеуге арналған қаражатты екі айдан аспайтын мерзімге резервтеуге жол берілмейді .

*Ескерту: 21-тармаққа өзгерту мен толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

21-1. Еріксіз таратылатын банктің тарату комиссиясының төрағасына, мүшелеріне және өзге тартылған қызметкерлерге төленетін сыйақының ай сайынғы мөлшері олардың әрқайсысына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының он еселеген мөлшерінен аспауы тиіс .

*Ескерту: 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

### **3-тарау. Тарату комиссиясы**

22. Тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап оған таратылатын банктің мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттік өтеді.

Тарату комиссиясы он күндік мерзімде уақытша әкімшіліктен (уақытша әкімшілік басқарушысынан) банктің банк операцияларын жүргізуге лицензияларының түпнұсқаларын, мүлкін және құжаттарын қабылдау-өткізу актісі бойынша қабылдайды .

Тарату комиссиясы банктің істерін, оның ішінде кредиторлары және акционерлерімен есеп айырысуды қамтамасыз ету жөніндегі істерін аяқтау үшін шаралар қолданады .

*Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*



23. Тарату комиссиясы таратылатын банктің атынан іс-әрекет етеді және өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде дербес болады. Тарату комиссиясының шешімдері хаттамамен ресімделеді.

2 4 . < \* >

*Ескерту: 24-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

25. Қатысушы-банкті таратқан кезде Кепілдік беру жөніндегі ұйымның өтініші негізінде тарату комиссиясының құрамына оның өкілі енгізілуі мүмкін.

26. Тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясының жұмысына басшылық жасайды және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес оның қызметіне дербес жауап береді.

Тарату комиссиясының төрағасы жоқ кезде оның міндеттерін орынбасары орындайды.

27. Банктің филиалдары не өкілдіктері бар болса, оларды сол жерде құрылған тарату комиссиясының бөлімшесі (бұдан әрі - бөлімше) таратады.

28. Бөлімшені тарату комиссиясы төрағасының тарату комиссиясы мүшелерінің ішінен тағайындаған басшысы (бұдан әрі - бөлімше басшысы) б а с қ а р а д ы .

Бөлімшенің басшысы өзі қызметін заңда белгіленген тәртіппен ресімделген және тарату комиссиясының төрағасы оған берген сенімхат негізінде жүзеге а с ы р а д ы .

Бөлімшенің басшысы және бөлімше тұтастай алғанда тарату комиссиясының төрағасына есеп береді.

29. Бөлімше басшысы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес бөлімшенің қызметіне және филиалды не банктің өкілдігін таратуға жауап береді.

30. Тарату комиссиясы мүшелерінің, бөлімше басшысының, тарату комиссиясының жұмысқа тартылған қызметкерінің құқықтары және міндеттері, еңбекақы талаптарымен қоса тарату комиссиясының төрағасымен жасалынатын жеке еңбек шартында (келісім-шартта) белгіленеді.

31. Тарату комиссиясының төрағасы оның қызметін жедел басқарады, бөлімшенің және оның басшыларының қызметін бақылайды.

32. Төраға, бөлімшенің басшысы және тарату комиссиясының мүшелері банкке келтірілген зиян үшін және банкті тарату барысында жіберілген өзге де тәртіп бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап б е р е д і .

Асыра сілтеу фактілері және өзге де заң бұзушылықтар байқалған кезде тарату комиссиясы бұл жөнінде белгіленген тәртіппен сақтандыру ұйымдарына

хабарлауы, сондай-ақ уәкілетті органға хабарлауы тиіс.

*Ескерту: 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

33. Тарату комиссиясы мынадай іс-шаралар өткізеді:

1) банктің тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде шағым-талаптар (өтініштер) беру тәртібін, мерзімін және кредиторлардың өздерінің талаптарын беруге құқылы мекен-жайды міндетті түрде көрсете отырып, банкті еріксіз тарату туралы ақпаратты мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде жариялайды;

2) тарату комиссиясына банкте тарату ісін жүргізу жөніндегі міндеттерін жүктеуді растайтын құжаттармен бірге банктің басшылығына қол қойдыра  
о т ы р ы п , т а н ы с т ы р а д ы ;

3) қабылдау-өткізу туралы актілерді жасай отырып банктің басшылығынан не банктің уақытша әкімшіліктен (уақытша әкімшілік басқарушысынан) банктің мөртабандарын, мөрлерін, электронды ақпарат тасымалдаушыларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді, бланкілерді және барлық басқа құжаттарды тез  
а р а д а т а л а п е т е д і ;

4) қабылдау-өткізу активтері бойынша активтерді, оның ішінде банктің  
м ү л к і н қ а б ы л д а й д ы ;

5) банк кассасын тез арада түгендейді, ақша қалдығын таратылатын банктің  
а ғ ы м д а ғ ы е с е п ш о т ы н а е с е п т е й д і ;

6) банктің тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде банктің корреспонденттік есепшоттарын салыстырып тексереді, оларды жабады және таратылатын банктің теңгемен және шетел валютасымен ағымдағы  
е с е п ш о т ы н а ш а д ы ;

7) соттың банкті еріксіз тарату және тарату комиссиясын тағайындау уәкілетті органның тағайындауы туралы қабылдаған шешім жөнінде хабарландыруды банктің клиенттеріне көрінетін жерге іліп қояды;

8) банк қызметкерлерін еңбек заңдарына сәйкес жұмыстан босатады;

9) банктің активтерін анықтайды;

10) банк активтерін оның таратылу мақсаттарына сәйкес басқарады;

11) банктің атынан талап қояды және сотта сөз сөйлейді;

12) бағдарламалық қамтамасыз етудің және электронды ақпарат тасымалдаушылардың, сондай-ақ банктің басқа ақпаратының сақталуын  
қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

13) толық материалдық жауап беретін адамдардың, оның ішінде бухгалтерлік есеп жүргізетін және банктің қаржылық және басқа есебін өңдейтін электронды жүйеге кіре алатын адамдардың шеңберін белгілейді;



14) тарату комиссиясы құрылатын күнгі электрон түріндегі есеп-бухгалтерлік ақпараттарын басып шығарады. Электрон түріндегі осы ақпарат жоқ болғанда, қағаз түріндегі ақпарат негіз етіп алынады;

15) кредиторлардың тізімін жасайды, қолда бар құжаттар бойынша олардың мекен-жайын анықтайды және талдау есебінің деректерімен салыстырып тексереді;

16) кредиторлар туралы мәліметтер жоқ болған жағдайда, қолдағы бар деректерді және жазбаша хабарлама жіберудің мүмкін еместігінің себептерін көрсеті отырып акт жасайды;

17) банкті еріксіз тарату туралы банктің әрбір кредиторына жазбаша хабарлайды;

18) таратылатын банк кредиторларының талаптарының заңдылығын анықтайды және оларды банктің бекітілген аралық тарату баласына және кредиторлар талаптарының тізіліміне сәйкес қанағаттандырады;

19) өзінің қызметі мен міндеттерін орындауға арналған келісім-шарт бойынша қажетті қызметкерлер жалдайды;

20) банкті таратудың барлық кезеңдерінің ішінде банктің мүлкі мен құжаттарын сақтау жөнінде шаралар қабылдайды;

21) уәкілетті органның талап етуі бойынша тарату өндірісіне қатысты мәліметтер береді;

22) тарату туралы есеп, банктің тарату балансын жасайды және оларды келісу үшін уәкілетті органға жібереді;

23) банкті тарату аяқталғаннан кейін құжаттарды сақтау үшін белгіленген тәртіппен мұрағатқа өткізеді және бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды;

24) осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктері және міндеттері бар.

*Ескерту: 33-тармаққа өзгертулер мен толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

34. Уәкілетті орган берген лицензиялардың түпнұсқалары тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қайтарылады .

*Ескерту: 34-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

35. Таратылатын банктің ағымдағы шоты оның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті филиалындағы бас офисі орналасқан жерде ашылады.

Таратылатын банктің, сондай-ақ филиалдарының не өкілдіктерінің барлық ақшасы таратылатын банктің ағымдағы шотына есептеледі.

Таратылатын банктің берешектері жоқ клиенттерінің жазбаша талаптары бойынша тарату комиссиясы банкті еріксіз тарату туралы соттың шешімі заң күшіне енгеннен кейін таратылатын банкке, олардың банктік есепшотына түсетін ақшаны клиенттердің жаңа деректемелері бойынша тез арада (тапсырманы алған күннен бастап үш банктік күн ішінде) қайтарады. Банктің корреспонденттік есепшотына қате есептелген ақшаны тарату комиссиясы банкті еріксіз тарату туралы соттың шешіміне дейін, сондай-ақ күшіне енгеннен кейін қате есептелгенін растайтын барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап үш банктік күн ішінде клиенттердің жазбаша талаптары бойынша ақша жіберушілерге қайтарады.

*Ескерту: 35-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен.*

36. Еріксіз таратылатын банктің тарату комиссиясы уәкілетті орган белгілеген мерзімде істелінген жұмыс туралы есеп береді, ал қажет болған жағдайда қосымша ақпарат береді.

Банктің филиалдарында және өкілдіктерінде өзінің қызметін жүзеге асыратын бөлімше тарату комиссиясының төрағасына істелінген жұмыс туралы есеп береді.

*Ескерту: 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен.*

#### **4-тарау. Активтерді басқару және шағым-талаптарды қарау**

37. Таратылатын банктердің активтеріне банктің меншік мүлкі, заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдары, сондай-ақ банктің басқа талаптары кіреді және тарату массасын жасау үшін негіз болады.

38. Тарату комиссиясы осы Ережеге және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес таратылатын банктің уәкілетті қызметкерлерінің қатысуымен банктің мүлкін (активтерін), жеке есепшоттарын, кредиттік және өзге де шарттарды түгендейді, сондай-ақ баланстық есепшоттардағы және меморандум есепшоттарындағы барлық қалдықтарды салыстырып тексереді. Түгендеу нәтижелері бойынша акт жасалынады.

39. Таратылатын банктің түгендеу арқылы белгіленген барлық активтері тарату массасына енгізілуі тиіс. Тарату басталғанда банктің балансына енгізілмеген және түгендеу барысында анықталған активтер таратылатын банктің аралық тарату балансында көрсетілуі тиіс.

40. Барлық кредиттік істер, оның ішінде кредиттік шарттар, басқа міндеттемелер бойынша шарттар қолдағы бар құжаттардың қосымшаларымен

бірге сипатталуы және есептік-тіркеу құжаттарымен бірге салыстырып тексерілуі тиіс. Айырмашылықтар анықталған не құжаттар болмаған жағдайда себептерін көрсете отырып акт жасалынады.

41. Тарату комиссиясы таратылатын банктің мүлкін бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны тарта отырып бағалайды.

*Ескерту: 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

42. Егер таратылатын банктегі бар ақша кредиторлар мен акционерлердің талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы заңда белгіленген тәртіппен және кредиторлар комитетінде бекітілген мүлікті сату жоспарына сәйкес банктің мүлкін көпшілік сауда-саттықтарда сатады.

43. Таратылатын банктердің алдындағы берешектерді өтеу үшін банк дебиторларының мүлкін, оның ішінде сот шешімін орындау есебінен беру мүлік берілетін күнгі бағалау актісі болса ғана жүзеге асырылады.

44. Еріксіз тарату туралы соттың шешімі заң күшіне енгенге дейін орын алған , таратылатын банктің қатысуымен жасалынған мәмілелер аралық тарату балансы бекітілгенге дейін орындалуы және құжаттамалық ресімделуі белгіленген тәртіппен аяқталмаған болса өткізілмеген деп саналады.

45. Кастодиан банкті тарату кезінде үшінші тұлғаларға тиісті сақтау үшін және есебін жүргізу үшін сеніп берілген бағалы қағаздар және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының меншік капиталының қаражатын қоспағанда, мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері тарату массасына кірмейді және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының өтініші бойынша басқа банкке аударылады.

Тарату массасына борышкердің меншік құқығына жатпайтын, оның ішінде сенімді басқаруда немесе сақтауда болатын мүлік енгізілмейді.

45-1. Банктің тарату конкурстық массасына ипотекалық облигациялар бойынша мынадай қамтамасыз ету болып табылатын кепіл мүлкі кірмейді: ипотекалық тұрғын үй заемы шарттары бойынша талап ету құқықтары (ипотекалық куәліктерді қоса алғанда), сондай-ақ аталған облигацияларды меншіктеу құқығы ұстаушыларда туындаған немесе оларға мәмілелер не Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге негіздер бойынша өткен жағдайларда мемлекеттік бағалы қағаздар. Аталған мүлікті тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдарына сәйкес ипотекалық облигациялардың кредитор-ұстаушыларымен есеп айырысу үшін ипотекалық облигацияларды ұстаушылардың өкіліне өткізеді.

*Ескерту: 45-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

46. Тарату комиссиясы соттың банкті еріксіз тарату туралы шешімі заң күшіне енген күні орындалу мерзімі аяқталмаған кредит шарттарына, борышкерлердің нақтылығына және өтеудің болашағына, мүліктік жағдайына талдау жүргізуі тиіс және кредиттік пакет жасайды, мұнда ол кейіннен мүліктік құқық ретінде шеттетілуі не тепе-теңдік принципі сақтала отырып кезектілік басталған кезде сәйкес кредитордың талабына жол беру бойынша берілуі мүмкін. Бұл орайда тарату комиссиясы кредиттік пакеттің талаптарына жол бермеу немесе жол беру жөніндегі мәселелерді қарауды тарату комиссиясы кредиторлар комитетінің қарауына енгізеді.

*Ескерту: 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

47. Кепілдік беру жөніндегі ұйымнан басқа заңды тұлғалар, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, мүліктік құқықтары және заңды мүдделері соттың банкті еріксіз тарату туралы шешім қабылдауы нәтижесінде бұзылуы мүмкін азаматтар банкпен дауды тікелей реттеу мақсатында оның тарату комиссиясына жазбаша шағым-талаппен (өтінішпен) өтінім береді.

Кредитор-жеке тұлғалар тарату комиссиясына растау құжаттарының көшірмелерімен қоса жазбаша өтінішпен өтінім береді.

48. Кредиторлардың талаптарында талап етудің мөлшері туралы мәліметтер болуы тиіс (негізгі борыштың, сыйақының (мүдденің), тұрақсыздық айыбының және басқа да айыппұл санкцияларының, шығындардың мөлшері туралы жеке-жеке, талап ету негіздемесін және мөлшерін растайтын құжаттарды қоса отырып (заң күшіне енген сот шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің борышты мойындауы және басқа да құжаттар).

49. Шағым-талап (өтініш) алған күннен бастап екі апталық мерзімде, егер басқа мерзім банк пен оның кредиторы арасында жасалған шартта айтылмаса, қаралуға тиіс.

50. Шағым-талапты (өтінішті) қараған кезде тарату комиссиясы ұсынылған талаптың заңдылығын және оның негізділігін тексеруі тиіс.

Егер шағым-талапқа (өтінішке) оны қарау үшін қажетті құжаттар қоса берілмесе, олар почта жіберілімінің жолдағы уақытын есептемегенде кемінде бес жұмыс күні болатын ұсыну мерзімін көрсете отырып өтініш берушіден сұратылады. Талап етілген құжаттар көрсетілген мерзімде алынбаған кезде шағым-талап (өтініш) қолда бар құжаттар бойынша қаралады.

51. Шағым-талап (өтініш) алған тарату комиссиясы өтініш берушінің негізді талаптарын тануға және шағым-талапты (өтінішті) қарау нәтижелері туралы жазбаша түрде хабар беруге міндетті. Шағым-талапқа (өтінішке) жауапта  
м ы н а л а р к ө р с е т і л е д і :

1) шағым-талап (өтініш) өтініш берушінің және жауап жіберетін тарату комиссиясының толық атауы, почта деректемелері, жауап берілетін шағым-талаптың (өтініштің) күні мен нөмірі;

2) шағым-талап (өтініш) толық не ішінара танылған жағдайда мойындалған сома, немесе егер олар ақшалай бағалауға жатпаса шағым-талапты (өтінішті) қанағаттандыру мерзімі және тәсілі көрсетіледі;

3) шағым-талап (өтініш) толық не ішінара кері қайтарылған жағдайда - шағым-талаптың (өтініштің) кері қайтарылуын негіздейтін тиісті нормативтік құқықтық кесімдерге және құжаттарға сілтемесі бар кері қайтарудың дәлелдері;

4) жауапқа қоса берілген құжаттардың және басқа дәлелдемелердің тізбесі.

52. Шағым-талап (өтініш) толық не ішінара кері қайтарылған жағдайда өтініш берушіге шағым-талаппен (өтінішпен) бірге алынған құжаттар қайтарылуы тиіс, сондай-ақ егер олар өтініш берушіде жоқ болса, шағым-талаптың (өтініштің) кері қайтарылуын негіздейтін құжаттар жіберілуі тиіс.

53. Кредиторға жауап арнайы немесе бағалы хат, оның жіберілуін қамтамасыз ететін басқа да байланыс құралдары арқылы жіберіледі.

54. Шағым-талапты (өтінішті) ұсыну мерзімі баспасөзде банкті еріксіз тарату туралы хабарлама жарияланған күннен бастап есептеледі және екі айдан кем болмауы тиіс.

55. Шағым-талапты (өтінішті) ұсыну мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ барлық ұсынылған шағым-талаптар (өтініштер) қаралғаннан кейін тарату комиссиясы бір айлық мерзімде активтердің және міндеттемелердің жүргізілген түгендеу нәтижелерін ескере отырып аралық тарату балансын жасайды және ол таратылатын банк мүлкінің құрамы, кредиторлардың шағым-талаптары мен өтініштерінің тізбесі, оларды қарау нәтижелері және банк кредиторлары талап етпеген берешегі, кредиторлар талаптарының тізілімі туралы мәліметтерді қамтуы тиіс. Филиалдары және (немесе) өкілдіктері бар банктің аралық тарату балансы банк филиалдары мен өкілдіктерінің аралық тарату балансын ескере  
о т ы р ы п ж а с а л а д ы .

*Ескерту: 55-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

56. Егер шағым-талапты (өтінішті) берген кредитор бір мезгілде таратылатын банктің борышкері болып табылған жағдайда шағым-талап (өтініш) қарастырылған кезде тарату комиссиясы ұсынылған құжаттарға сәйкес аралық



тарату балансын бекіткенге дейін кредитор және борышкер бір адам болғандықтан өзара талаптарды есепке алу туралы мәселені қарауы және аралық тарату балансында пайда болған айырмашылық сомасын қосуы тиіс.

57. Аралық тарату балансын және оның қосымшаларын, оның ішінде кредиторлар талаптары тізілімін уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша тарату комиссиясы жасайды. ( *РҚАО-ның сілтемесі: 1, 3 қосымшаларды қ а р а ң ы з .* )

*Ескерту: 57-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

58. Аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімі жасалғаннан кейін тарату комиссиясы оларды бекіту үшін уәкілетті органға б е р е д і .

*Ескерту: 58-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

59. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру, олардың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында тарату комиссиясы кредиторлар талаптарының тізілімін жасайды және ол Банктер туралы заңның 74-2 бабы белгілеген кезектілікке сәйкес болуы тиіс.

Кредиторлар талаптарының тізілімінде әрбір кредитор, оның ақша міндеттемелері және (немесе) міндетті төлемдер жөніндегі талаптарының мөлшері, әр талапты қанағаттандыру кезектілігі туралы мәліметтер көрсетіледі.

Кредиторлар талаптарының тізіліміне кредиторлардың талассыз болып табылатын талаптары, сондай-ақ тарату комиссиясы еріксіз таратылатын банкке ұсынған есебіне сай ақша сомасы көлемінде орнын толтыруды төлеу үшін міндеттемелерді орындау жөнінде Кепілдік беру жөніндегі ұйымның болашақ т а л а п т а р ы е н г і з і л е д і .

Сот шешімі бойынша таратылатын банктің ағымдағы есепшотына талап етілген, заң күшіне енген атқарушы құжаттар кредиторлардың талаптарын есепке алу үшін тарату комиссиясының төрағасына беріледі.

Атқарушы құжаттар мойындалған талаптар болып табылады және кредиторлар талаптарының тізілімінде тиісті кезектілікте орындалмаған сома мөлшерінде есепке алынады .

*Ескерту: 59-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

60. Таратылатын банктің міндеттемелері жөніндегі есеп айырысулар тек уәкілетті органның аралық тарату балансын және оның қосымшаларын



бекіткеннен кейін жүзеге асырылады.

*Ескерту: 60-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

6 1 . < \* >

*Ескерту: 61-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

### **5-тарау. Таратылатын банк кредиторларының талаптарын қанағаттандыру**

62. Таратылатын банк кредиторларының, оның ішінде банкрот болуына байланысты талаптарын қанағаттандыруды аралық тарату балансына сәйкес оны бекіткен күнінен бастап Банктер туралы заңның 74-2 бабы белгілеген тәртіппен және кезектілікте тарату комиссиясы жүргізеді.

63. Әрбір кезек талабы өткен кезек талаптарын толық қанағаттандырғаннан кейін қанағаттандырылады. Бір кезектің барлық мойындалған талаптарын қанағаттандыру үшін таратылатын банктің мүлкі жеткіліксіз болған кезде таратылатын банктің ақшасы және (басқа) мүлкі осы кезектің кредиторлары арасында қанағаттандыруға жататын талаптар сомасына тепе-тең бөлінеді.

64. Тиісті кезек келген кезде кредитордың талабы оның келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен, оның ішінде ақша нысанында және (немесе) есеп айырысудың тепе-теңділік принциптерін сақтай отырып мүлікті заттай тапсыру арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

65. Тарату комиссиясы таныған тарату комиссиясы шағым талапты (өтінішті) беру үшін белгілеген мерзімі өткеннен кейін, бірақ тарату балансын бекіткенге дейін белгіленген мерзімде берілген кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған борышкердің мүлкінен қанағаттандырылады.

66. Тарату комиссиясы кредиторлар талаптарын қанағаттандырудан немесе оларды қараудан бас тартқан жағдайда кредитор банктің тарату балансын бекіткенге дейін тарату комиссиясына сотқа шағымдана алады.

Белгіленген мерзімде берілген, бірақ тарату комиссиясы мойындамаған және оларды қанағаттандыру жөнінде соттың шешімі бар кредиторлардың талаптары кредиторлармен есептесу үшін белгіленген кезектілік тәртібімен орындалады. Көрсетілген талаптарды толық қанағаттандырғанға дейін есептесу жүргізілген кезектегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру тоқтатыла тұрады.

67. Таратылатын банк мүлкінің жеткіліксіздігінен, сондай-ақ тарату балансын бекіткенге дейін берілмеген кредиторлардың шағым-талаптары (өтініштері) өтелген деп танылады.

Егер кредитор сотқа шағымданбаса және соттың шешімімен кредитордың талабы қанағаттандырылмаса тарату комиссиясы танымаған кредиторлардың талаптары өтелмеген деп есептеледі.

68. Шағым-талабын (өтінішін) тарату комиссиясы таныған және кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредитор алдындағы міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған жағдайда, тарату комиссиясы осы кезектегі топпен есептесуді аяқтаған кезде кредиторға төленбеген соманы азаматтық заңнамада көзделген тәртіппен нотариус депозитіне аударуға құқылы.

*Ескерту: 68-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

69. Тарату комиссиясы таратылатын банктің кредиторларымен есеп айырысуды аяқтағаннан кейінгі қалған мүлкін акционерлік қоғамдар туралы заңнама белгілеген тәртіппен банк акционерлері арасында бөледі.

#### **6-тарау. Таратылатын банктің кредиторлар комитеті**

70. Банкті еріксіз таратқан кезде кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және олардың қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында кредиторлар комитеті құрылады.

71. Кредиторлар комитеті құрамының тізімін тарату комиссиясы аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілген күннен бастап он күндік мерзімде қалыптастырады, тарату комиссиясының төрағасы қол қояды және бекіту үшін жедел түрде уәкілетті органға жіберіледі.

*Ескерту: 71-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

72. Кредиторлар комитетінің құрамына Банктер туралы заңның 74-2 бабы көздеген әрбір кредитор санатынан бір өкілден кем емес, кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген талаптардың ең көп сомасы бар кредитор к і р у г е қ ұ қ ы л ы .

Қатысушы банктің кредиторлар комитетін құрған кезде Кепілдік беру жөніндегі ұйымның өтініші негізінде оның құрамына соның өкілі қосылады.

Кредиторлар комитетінің құрамына таратылатын банктің басшы қызметкерлері к і р е а л м а й д ы .

*Ескерту: 72-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

73. Кредиторлар комитеті мүшелерінің жұп саны кемінде үш адам болады.

Кредиторлар комитетінің жұмысына қатысудан бас тартуға құқылы.

Кредиторлар комитеті мүшесінің талаптары толық қанағаттандырылған жағдайда, ол кредиторлар комитетінің құрамынан шығарылады. Бұл жағдайда тарату комиссиясы кредиторлар комитетінің тізімін бекіту үшін кейіннен уәкілетті органға бере отырып кредиторлар комитетінің құрамын өзгерту жөніндегі жұмысты жүргізеді.

*Ескерту: 73-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

74. Тарату комиссиясы кредиторлар комитетінің барлық мүшелеріне комитеттің бірінші мәжілісін өткізу орны мен күні жөнінде хабардар етеді.

Кредиторлар комитетінің бірінші мәжілісі кредиторлар комитетінің құрамы бекітілген күннен бастап он күннен кешіктірмей өткізілуі тиіс. Бірінші мәжілісте кредиторлар комитеті комитеттің төрағасын сайлауға міндетті және оған дауыс беру рәсімінде дауыстар тең болған кезде шешуші дауыс құқығы беріледі. Кредиторлар комитетінің төрағасы комитеттің жұмыс жоспарын жасайды және бекітеді.

75. Кредиторлар комитетінің кейінгі мәжілістері комитет белгілеген тәртіппен және мерзімде шақырылады.

76. Кредиторлар комитеті:

- 1) банкті тарату барысында жасалатын барлық құжаттармен танысуға;
- 2) кредиторлардың өз құқықтары мен мүдделері бұзылғаны туралы шағымдарын қарауға қатысуға;
- 3) уәкілетті орган пен сотты банкті тарату барысында кредиторлардың құқықтары мен мүдделері бұзылғаны туралы, оның ішінде тарату комиссиясының өз міндеттерін дұрыс орындамағандығы туралы хабардар етуге;
- 4) сотқа және уәкілетті органға тарату комиссиясының қызметін қайта қарауға шағым беруге;
- 5) кез келген тарату рәсімдерін жасау кезінде, мүлікті сату жөніндегі аукциондар мен тарату комиссиясының мәжілісін қосқанда, оларға қатысуға құқығы бар кредиторлар комитеті мүшелерінің ішінен кредиторлардың өкілдерін сайлауға;
- 6) тарату комиссиясынан таратылатын банктің қаржылық жағдайы жөнінде ақпаратты ұсынуын талап етуге;
- 7) таратылатын банктің өтеуге мүмкін емес дебиторлық берешегінің көлемін бекітуге;
- 8) тарату комиссиясы ұсынған банктің тарату массасын сату жоспарын бекітуге;
- 9) банктің қаржылық жай-күйін ескере отырып тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне негізгі және қосымша төлемдер мөлшерін қосқанда

тарату шығыстарының сметасын бекітуге;

10) тарату комиссиясының жекелеген кредиторларды хабардар етудің мүмкін еместігі туралы актісін бекітуге;

11) тарату комиссиясының мүлікті банктің балансынан есептен шығару актісін бекітуге құқылы.

*Ескерту: 76-тармаққа өзгерту мен толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

77. Кредиторлар комитетінің мәжілісі хаттамамен ресімделеді. Кредиторлар комитетінің шешімі жай басым дауыспен қабылданады.

78. Банктің барлық қалған кредиторларының кредиторлар комитетінің мәжілісіне қосалқы дауыс беру құқығымен қатысуға құқығы бар.

**7-тарау. Уәкілетті органның еріксіз таратылатын банктердің тарату комиссияларының қызметіне бақылау жөніндегі өкілеттіктері**

*Ескерту: 7-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

79. Банк заңнамасына сәйкес уәкілетті орган тарату комиссиясының қызметіне бақылау жасайды.

*Ескерту: 79-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

80. Уәкілетті орган:

1) тарату комиссиясының есепті және қосымша ақпаратты ұсыну нысанын, мерзімін және кезеңділігін белгілейді;

1-1) еріксіз таратылатын банктің тарату комиссиясын тағайындайды;

2) банктің тарату комиссиясы еріксіз таратылатын банктің келісу үшін ұсынған аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін бекітеді;

3) банктің тарату комиссиясы ұсынған кредиторлар комитеті құрамының тізімін бекітеді;

4) кредиторлар комитетінің, жекелеген кредиторлардың немесе банк акционерлерінің хабарласуы бойынша, сондай-ақ өз бастамасы бойынша тарату комиссиясының қызметін тексереді;

4-1) тарату комиссиясы ұсынған еріксіз таратылатын банкті тарату туралы есепті және тарату балансын қарайды және келіседі;

5) банктің тарату комиссиясының қызметін бақылау бойынша осы Ережеде және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерде көзделген басқа өкілеттіктері

б а р .

*Ескерту: 80-тармаққа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

81. Егер тарату комиссиясының қызметін тексеру немесе уәкілетті органға ұсынылған мәліметтерді талдау нәтижесінде банк кредиторларының және акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылғаны байқалса, сондай-ақ тарату процесін жүргізудің заңмен реттелген тәртібі бұзылса, уәкілетті орган тарату комиссиясына міндетті түрде орындау үшін көрсетілген заң бұзушылықтарды жою жөнінде жазбаша ескертпе жібереді және ұйғарымның орындалу мерзімін белгілейді.

*Ескерту: 81-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

82. Тарату комиссиясы жазбаша ескертпені орындамаған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешімді қабылдаған сотқа немесе бұзылған құқықты және кредиторлардың заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау жөніндегі прокуратура органдарына хабарласуға құқылы.

*Ескерту: 82-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 100 қаулысымен .*

## **8-тарау. Тарату ісіне қатысушылардың Кепілдік беру жөніндегі ұйыммен өзара іс-әрекеті**

83. Осы тарау қатысушы-банктердің тарату комиссияларына қолданылады.

84. Тарату комиссиясы Кепілдік беру жөніндегі ұйымға салымшылардың (депозиторлардың) тізімін, кепілдік берілетін салымдарды (депозиттерді) қайтару бойынша міндеттемелерді, сондай-ақ жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерде бекітілген мерзім ішінде Кепілдік беру жөніндегі ұйым бекіткен нысан бойынша еріксіз тарату туралы сот шешімі күшіне енген күнгі жағдай бойынша салымдар (депозиттер) бойынша өтеу есебін ұсынады.

85. Салымдар (депозиттер) бойынша өтеуді есептеу қатысушы банктің тарату комиссиясы жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес өткізуге тиісті.

86. Қатысушы-банктің тарату комиссиясы салымшыларға (депозиторларға) өтемақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті есеп айырысуды

жасағаннан кейін Кепілдік беру жөніндегі ұйымды кредиторлар талаптарының тізілімінің үшінші кезегіне салымшыларға төленуге тиісті өтемақы мөлшерінде к і р г і з е д і .

*Ескерту: 86-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

87. Кепілдік беру жөніндегі ұйыммен есеп айырысу теңбе-теңдік принципі сақтала отырып, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың үшінші кезегі басталған кезде жүргізіледі.

88. Еріксіз таратылатын қатысушы банктің ісі біткеннен және тарату комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін банкті тарату және тарату балансы туралы есепті жасау кезінде Кепілдік беру жөніндегі ұйым және қатысушы-банктің тарату комиссиясы екі данадан, әрбір тарап үшін бір данадан, есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісіне қол қояды.

#### **9-тарау. Таратуды аяқтау**

89. Таратылатын банктің кредиторларымен және акционерлерімен есеп айырысу аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы уәкілетті органмен келісілген тарату туралы есепті және тарату балансын сотқа ұсынады.

Сот тарату туралы есепті және тарату балансын бекітеді және тарату өндірісінің аяқталғаны туралы ұйғарым шығарады.

*Ескерту: 89-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

90. Тарату комиссиясы сот ұйғарымының көшірмесін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуге алатын әділет органдарына және уәкілетті органға жібереді.

*Ескерту: 90-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

91. Еріксіз таратылған жағдайда банктердің қызметін тоқтатуын тіркеу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамада анықталған тәртіппен жү р г і з і л е д і .

92. Әділет органының банктің таратылуын тіркеу туралы бұйрығы алынғаннан, банктің құжаттарды архивке сақтауға тапсырғаннан және бұл жөнінде уәкілетті органға хабарлағаннан кейін тарату комиссиясының өкілеттіктері тоқтатылады.



*Ескерту: 92-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 7 қаулысымен .*

**10-тарау. Қорытынды ережелер**

93. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнама нормаларына сәйкес шешіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК